

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)



BT2600  
BT2650B



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі


|                                           |           |
|-------------------------------------------|-----------|
| <b>1 Қауіпсіздік</b>                      | <b>2</b>  |
| <b>2 Портативті динамигіңіз</b>           | <b>3</b>  |
| Кіріспе                                   | 3         |
| Қораптың құрамы                           | 3         |
| Динамикке шолу                            | 4         |
| <b>3 Жұмысты бастау</b>                   | <b>5</b>  |
| Кірістірілген батареяны зарядтау          | 5         |
| Динамикті қосыңыз.                        | 5         |
| <b>4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану</b> | <b>6</b>  |
| Құрылғыны қосу                            | 6         |
| Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату | 7         |
| <b>5 Сыртқы құрылғыны тыңдау</b>          | <b>9</b>  |
| <b>6 Дыбыс деңгейін реттеу</b>            | <b>10</b> |
| <b>7 Өнім туралы ақпарат</b>              | <b>11</b> |
| Жалпы ақпарат                             | 11        |
| Bluetooth                                 | 11        |
| Күшейткіш                                 | 11        |
| <b>8 Ақаулықтарды жою</b>                 | <b>12</b> |
| Жалпы ақпарат                             | 12        |
| Bluetooth құрылғысы туралы                | 12        |
| <b>9 Ескерту</b>                          | <b>13</b> |
| Сәйкестік                                 | 13        |
| Қоршаған ортаны күту                      | 13        |
| Өнімде көрсетілген тауар белгісі          | 14        |
| Авторлық құқықтары                        | 14        |

# 1 Қауіпсіздік

- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

## ! Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.
- Бұл қызмет көрсету туралы нұсқаулар тек білікті қызмет көрсету мамандарына арналған. Ток соғу қаупін азайту үшін осыны жасауға біліктілігіңіз болмаса, пайдалану нұсқаулығындағы жөндеу жұмыстарын жүргізбеңіз.



## ≡ Ескертпе

- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.

## ! Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.
- Бұл өнімнің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Өнімді басқа электр құрылғыларының үстіне қоюға тыйым салынған.
- Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.

## 2 Портативті динамигіңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome).

---

### Кіріспе

Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:

- Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау,
- дыбыс кірісі кабелі арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау және
- қоңырау шалу.


---

### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі бөлік
- USB кабелі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

## Динамикке шолу



### ① **🔊 /MULTIPAIR**

- Bluetooth режимінде жұптау режиміне кіру үшін басып тұрыңыз.
- Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз.
- Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.
- Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін басып тұрыңыз.

### ② **🔊**

- Өнімді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- Дыбыс деңгейін реттеу.

### ③ **Bluetooth және қуат индикаторы**

### ④ **AUDIO IN**

- Сыртқы дыбыс құрылғыларын қосу.

### ⑤ **DC IN**

- USB кабелі арқылы динамикті зарядтаңыз.

### 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


#### Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамик кірістірілген зарядталатын батареямен қосылады.



##### Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
- Шағын USB ұясы тек зарядтауға арналған.



USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаныз

- динамиктегі micro USB ұяшығы және
- компьютердегі USB ұяшығы.

#### Батарея көрсеткіші


ЖШД көрсеткіші батарея күйін көрсетеді.

| Индикатор                    | Батарея           |
|------------------------------|-------------------|
| Қып-қызыл                    | Зарядталып жатыр  |
| Өшіру                        | Толық зарядталған |
| Қызыл түсті болып жыпылықтау | Қуаты төмен       |

#### Динамикті қосыңыз.

Динамикті қосу немесе өшіру үшін  $\Phi$  тұтқаны бұрыңыз.

- Bluetooth режимі (Bluetooth индикаторы көк түспен жыпылықтап тұр): Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы Bluetooth құрылғысынан тыңдау.
- **OFF**: осы өнімді өшіру.



# 4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану

Осы динамик көмегімен ойнатқыш дыбысын тыңдауға және Bluetooth арқылы қоңырау шалуға болады.

## Ескертпе

- WOOX Innovations компаниясы барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік бермейді.
- Құрылғыны осы өніммен жұптастырудың алдында Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз. Жалғанған Bluetooth құрылғысы Кеңейтілген аудио тарату профилін (A2DP) және Аудио және бейне қашықтан басқару профилін (AVRCP) қолдайды.
- Өнім ең көбі 4 жұптасқан құрылғыны сақтай алады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосұлы екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.

## Құрылғыны қосу

- 1 Динамикті қосу үшін  тұтқаны бұрыңыз.  
↳ Bluetooth көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Құрылғыда Bluetooth құрылғыларын іздеңіз.
- 3 Құрылғылар тізімінен Philips BT2600 құрылғысын таңдаңыз.
  - **Philips BT2600** құрылғысымен Bluetooth қосылымын орнатуға

рұқсат сұрайтын хабар шықса, оны растаңыз.

- Егер құпия сөз сұралса, **0000** мәнін теріңіз, содан соң растаңыз.
- ↳ Bluetooth байланысы сәтті болған кезде динамик дыбысы екі рет шығып, Bluetooth индикаторы көк түсте жанады.
- **Philips BT2600** құрылғыны іздеу сәтсіз аяқталса, жұптастыру режимін қосу үшін  /MULTI PAIR түймесін басып тұрыңыз.

## Bluetooth көрсеткіші

Жоғарыдағы ЖШД көрсеткіші Bluetooth қосылымының күйін көрсетеді.

| Индикатор                   | Bluetooth қосылымы |
|-----------------------------|--------------------|
| Көк түсте жылдам жыпылықтау | Жұптастырылуда     |
| Көк түсте баяу жыпылықтау   | Қосылуда           |
| Көк түспен жану             | Қосылған           |

## Екі Bluetooth құрылғысын бір уақытта қосыңыз.

Осы өнімге бір уақытта Bluetooth мүмкіндігі арқылы қосылған ең көбі екі құрылғыны жұптауға және қосуға болады.

- Егер динамик бір құрылғыға қосылған болса, жұптастыру режиміне өту үшін  /MULTI PAIR түймесін басып тұрыңыз.  
↳ Bluetooth индикаторы көп түспен жылдам жыпылықтайды және динамик бір рет дыбыс шығарады.  
↳ Динамик жұптастыру режиміне өтіп, жаңа Bluetooth құрылғысымен жұптасуға дайын болады.  
↳ Алдыңғы құрылғы әлі де динамикке қосұлы.
- Егер динамик бір уақытта екі құрылғыға қосылса және музыка бір құрылғыда ғана ойнатылса, жұптастыру режиміне



өту үшін **⌂** /MULTIPAIR түймесін басып тұрыңыз.

→ Музыка ойнатылмаған құрылғы ажыратылады.

→ Bluetooth индикаторы көп түспен жылдам жыпылықтайды және динамик бір рет дыбыс шығарады.

- Егер динамик бір уақытта екі құрылғыға қосылса және ешбір құрылғыда музыка ойнатылмаса, жұптастыру режиміне өту үшін **⌂** /MULTIPAIR түймесін басып тұрыңыз.

→ Біріншісі қосылған құрылғы ажыратылады.

→ Bluetooth индикаторы көп түспен жылдам жыпылықтайды және динамик бір рет дыбыс шығарады.



#### Ескертпе

- Егер үшінші құрылғыны жұптастыру керек болса, алдымен қосылған құрылғылардың біреуінің музыка ойнатылуын уақытша тоқтатып, жұптастыру режиміне өту үшін **⌂** /MULTIPAIR түймесін басып тұрыңыз.
- Егер 15 минуттай Bluetooth қосылымы болмаса, динамик энергияны үнемдеу үшін күту режиміне автоматты түрде өтеді.
- Динамик күту режиміне өтсе, оны қосу үшін **⌂** тұтқаны бұраңыз.

## Құрылғыны қайта қосу

- Автоматты қайта қосылу функциясы қосылған жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін бұл өнім оны анықтаған кезде оған қайта қосылады.
- Автоматты қайта қосылу функциясын қолдамайтын жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін оны бұл өнімге қолмен қайта қосыңыз.

## Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату



#### Ескертпе

- Егер қосылған мобильді телефонда кіріс қоңырау болса, дыбысты ойнату кідіріледі.

Сәтті Bluetooth қосылымынан кейін Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.

→ Дыбыс ағыны Bluetooth құрылғысынан динамикке жіберіледі.

## Телефон қоңырауын басқару

Bluetooth қосылымынан кейін кіріс қоңырауын осы динамикпен басқара аласыз.

| Түйме    | Функциялар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>⌂</b> | Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|          | Қоңырау кезінде ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|          | Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін басып тұрыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|          | Қоңырау кезінде телефон қоңырауын мобильді құрылғыға тасымалдау үшін басып тұрыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|          | Қоңырау кезінде басқа кіріс қоңырауы болса, мына әрекеттерді орындай аласыз: <ul style="list-style-type: none"><li>• ағымдағы қоңырауды аяқтап, екінші қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.</li><li>• басқа қоңырауды қабылдамау үшін екі рет басыңыз.</li><li>• ағымдағы қоңырауды ұстап тұрып, екінші қоңырауға жауап беру үшін екі секунд басып тұрыңыз.</li></ul> |



## Ескертпе

- Динамиктің микрофоны арқылы сөйлеуіңізге болады.
- Кіріс қоңырауы бар кезде музыка ойнату уақытша тоқтайды және телефон қоңырауы аяқталғанда жалғасады.


## 5 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы өнім арқылы сыртқы дыбыс құрылғысынан (мысалы, MP3 ойнатқыш) музыканы тыңдауға болады.



### Ескертпе


- Bluetooth арқылы музыканы ойнату тоқтатылғанын тексеріңіз.



- 1 Динамикті қосу үшін  $\phi$  тұтқаны бұрыңыз.
- 2 Екі соңында 3,5 мм ашасы бар дыбыс кірісі кабелін
  - осы өнімдегі **AUDIO IN** ұяшығы және
  - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 3 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

## 6 Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін көбейту немесе азайту үшін дыбыс деңгейінің тетігін бұрыңыз.



# 7 Өнім туралы ақпарат

## Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

## Жалпы ақпарат

|                                        |                                 |
|----------------------------------------|---------------------------------|
| Қуат көзі (USB ұяшығы арқылы)          | 5 В === 1 А                     |
| Ішкі батарея                           | Литийлі батарея (750 мА, 3,7 В) |
| Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Қ) | 107 X 32 X 97 мм                |
| Салмағы - негізгі құрылғы              | 0,2 кг                          |

## Bluetooth

|                                |                 |
|--------------------------------|-----------------|
| Bluetooth сипаттамасы          | V3.0            |
| Қолдау көрсетілетін профильдер | HFP, HSP, A2DP  |
| Ауқымы                         | 10 м (бос орын) |

## Күшейткіш

|                       |                    |
|-----------------------|--------------------|
| Номиналды шығыс қуаты | 3,5 Вт RMS         |
| Сигнал-шу арақатынасы | > 72 дБА           |
| AUDIO IN              | 650 мВ RMS, 22 кОм |

## 8 Ақаулықтарды жою



### Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

## Жалпы ақпарат

### Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

### Дыбыс жоқ

- Осы өнімде дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғысының тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

### Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

## Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

### Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

### Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

## 9 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/ЕУ еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/ЕО еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады.

Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

### Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

## Сәйкестік

# CE 0890

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

## Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/ЕС директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) сайтынан табуыңызға болады.

## Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

---

## Өнімде көрсетілген тауар белгісі



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.

---

## Авторлық құқықтары

2015 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және Koninklijke Philips N.V. лицензиясына сәйкес пайдаланылады.







2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

BT2600\_BT2650B\_00\_UM\_V1.0

